

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ
«Екпетал мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі
бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Екпетал селосы
Жасыл ел 21**

30.05.2025ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ-нің кезектен тыс 2025ж.16.04 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2025 ж 02.04 № 12 н/қ бұйрығының негізінде 2025 жылдың 07-30.04 аралығында мектеп - балабақша қызметіне өзін - өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізуде. 2025 ж 02.04 № 12-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Жумагулова Г.А	Мектеп-балабақша директоры, комиссия төрағасы
2	Абдрахманова Г.Ж	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Арыстанова Ж.А	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Хайруллина Т.Ф	Бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Күзембаева Л.Р	Әлеуметтік педагог, биология пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Сұлтан Г.Т	Педагог - психолог, комиссия мүшесі
7	Оспанова Ұ.Ж	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектеп-балабақшаның қызметіне өзін - өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 0309, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Екпетал ауылы, Жасыл ел көшесі, 21 үй.
Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт) Телефон: 8 (71332) 72-1-47; 72-1-47 факс Электронды почта: ekpetal.mbb@mail.ru; сайты https://ekpetal.uil-roo.edu.kz
Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер) Жумагулова Гулнур Амангелдиевна, «Ойыл аудандық білім бөлімі»ММ- нің 2014 жылы 6 ақпан №46 бұйрығымен мектеп-балабақша директоры болып тағайындалған. ұялы телефоны: 87021051267
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 07.01.2002 жыл, БСН-020140004079. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мектеп-балабақша жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсан №490 қаулысымен бекітілген.
Рұқсат етуші құжаттар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 30.03.2016 жылы №KZ56RVK00009955 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 18.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ07LAA00024131 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.
2.Кадрлық құрамға талдау <i>Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;</i> 2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында <u>2022-2023 оқу жылында</u> мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 20 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер) жұмыс атқарады. 20 педагог ішінде: санаты жоқ -3, «педагог-модератор»-9, «педагог-сарапшы»-2, «педагог- зерттеуші»-6. Педагогтердің сапалық құрам-40%. Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 5. «педагог-зерттеуші» -2, «педагог-сарапшы» –1, «педагог-модератор»–2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–60%-ды құрап отыр. Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 15. Оның ішінде, «педагог»–4, «педагог-модератор»–6, «педагог-сарапшы»-1 «педагог-зерттеуші»–4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы-33%-ды құрайды, талапқа сәйкес деп бағаланады. 2023-2024 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында <u>2023-2024 оқу жылында</u> мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 20 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс

атқарады. 20 педагог ішінде: санаты жоқ -4, «педагог-модератор»-9, «педагог-сарапшы»-1, «педагог-зерттеуші»-6. Педагогтердің сапалық құрам-**35%**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **5**. «педагог-зерттеуші»-2, «педагог-сарапшы» –1, «педагог-модератор»-2. Бастауыш сынып

бойынша сапалық құрам-**60%**-ды құрап отыр

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **15**. Оның ішінде, «педагог»-**4**, «педагог-модератор»-7, «педагог-сарапшы» – 0, «педагог-зерттеуші» – 4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы -**27%**-ды құрайды, талапқа сәйкес деп бағаланады. **2024-2025 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2024-2025 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 19 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 19 педагог ішінде: санаты жоқ -4, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-4, «педагог-зерттеуші»-5. Педагогтердің сапалық құрам-**47%**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **4**. «педагог-зерттеуші»-1, «педагог-сарапшы» –2, «педагог»-1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам-**75%**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны- 16. Оның ішінде, «педагог»-**3**, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-2, «педагог-зерттеуші»- 4. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы -**37,5%**-ды құрайды талапқа сәйкес деп бағаланады Мектепке дейінгі ұйым бойынша педагог саны - 4 (әдіскер-1, тәрбиеші-3). Оның ішінде «педагог-модератор» -2, «педагог»-2.

2024-2025 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

Жоғары білімді педагогтер саны -**17** педагог, ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 2. Сапалық құрам – **89%**.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасар	Санаты
Жумагулова Гулнур Амангелдиевна	Мектеп-балабақша директоры	24жыл	24жыл	12 жыл	"Педагог-зерттеуші" №369 бұйрық 11.09.2023ж ББҰ басшысы: "3 біліктілік" санаты №452 29.08.2024 ж
Абдрахманова Гүлзия Жауынбайқызы	Директордың оқу ісі жөніндегі	14жыл	14жыл	1 жыл	"Педагог-зерттеуші" №369 бұйрық 11.09.2023ж

	орынбасары				
Арыстанова Жанат Ахметжановна	Директор- дың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	18жыл	18жыл	6 жыл	"Педагог-зерттеуші" №369 бұйрық 11.09.2023ж ББҰ басшы орынбасары: "3 біліктілік" санаты №624 28.08.2023ж

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылында 8 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 2, «педагог-сарапшы»-4, «педагог-зерттеуші(растау)»-1, «басшы үшінші біліктілік» - 1. Аттестатталушы 3 педагог І кезеңнен ПББ тестілеуінен өте алмады.

2024-2025 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беруге 2024жылы күз айында 2 педагог біліктілік санатын алуға өтініші білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер (тізім бойынша) аттестаттаудың І және ІІ кезеңінен «педагог- сарапшы» өткізілген. Екпетал мектеп-балбаақшасының» КММ-де 2025 оқу жылында көктем айында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 4 педагог, «педагог- сарапшы» санатына – 1 педагог. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі педагогтің цифрлық профилі –«Ұстаз» платформасына жүктелген педагогтің электронды деректері қаралды. Нәтижесінде өтініш білдірген педагогтердің біреуі «педагог-сарапшы» санатына үміткер Сұлтан Гүлдарайым І кезең бойынша ПББ тестілеуден өтпей қалды, қалған 4 педагог ПББ тестілеуінен өтті, педагог портфолиолары комиссия мүшелеріне ұсынылды, қаралу үстінде.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Мектебіміздің оқушылары сайыстарға, конкурстарға, жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

2022-2023 оқу жылы

Аудандық:

"Аламан" олимпиадасы - Беркінова А, ШПорын.
Жаратылыстану бағ.пәндер олимпиадасы -Бекетаев Е,ШПорын.
Жасөспірімдер олимпиадасы - Бекетаев Е,ШПорын.
Қазақ тілі пәнінен аудандық пәндік олимпиада Беркінова Аяна ШПорын
"Ертегілер еліне саяхат" байқауы ШПорын

Облыстық:

"Кенгуру -математика барлығы үшін"Асанғалиев Б ШПорын,Амантай Ахмеди ШПорын
"Ертегілер еліне саяхат" ШПорын

Республикалық:

"Ақбота" интеллектуалдық марафоны
Қуанышев М ШПорын
Асанғалиев Б ШПорын
Амантай Ахмеди ШПорын

2023-2024оқу жылы

Аудандық:

Орыс тілінен пәндік олимпиада -Болатова А,ШПорын.
"Зерде" конкурсы - Беркін А,ШПорын.
"Үстел теннисі" - Жеңісов Н,Болатова А,Қанат Қ , ШПорын.
Математика- ғажайып әлем ШПорын аудандық Асанғалиев Б.
"Үстел теннисі" - Жоламанова А, Әйтiм А, Түркестанов Ұ, ШПорын.
Қазақ тілінен пәндік олимпиада Ерланқызы Айару ШПорын
"Математика - ғажайып әлем" Асанғалиев Б ШПорын
"Алтын сақа" математикалық олимпиадасы Ұзаққалиев С ШПорын, Жауынбай Бағдат ШПорын
"Кішкентай білгірлер" Есенов Н мақтау қағазы
"Зерде" конкурсы Есенов Н ШПорын

Облыстық:

"Кенгуру математика" зияткерлік сайысы Есенов Н ШПорын, Ұзаққалиев С ШПорын,
Беркін Аяулым ШПорын

2024-2025оқу жылы

Аудандық:

"Менің кіші Отаным"байқауы - Жеңісов Жансерік,ШПорын; "Зерде" конкурсы -Ерланқызы А,ШПорын.
"Зерде" конкурсы - Есенов Ә,Ұзаққалиев С, ШПорын.
"Алтын сақа,олимпиадасы"-Құралқызы А,ШПорын.
"Алтын сақа"олимпиадасы-Асанғалиев Б,ШПорын.
"Жаңа жылдық шыршаға ойыншық"байқауы - Саматова Г,ШПорын.
"Өз қолымен жасалған жаңа жылдық сыйлықтар" байқауы - Сайынова Д, ШПорын.
"Өз қолымен жасалған жаңа жылдық кейіпкерлер"- Әйтiм А, ШПорын.

"Жаңа жылдық шырша-2025"- Серікбай Ж,Іорын.

Орыс тілі пәнінен пәндік олимпиада - Болатова А,Іорын.

Қазақ тілінен пәндік олимпиада - Құралұлы Ғ,ІІорын.

Орыс тілінен пәндік олимпиада - Амантай А, Іорын.

Лингвистикалық олимпиада - Болатова А, Іорын.

"Үстел теннисі" - Қанат Қ,Жеңісов Н,ІІорын.

"Ақбота"олимпиадасы - Жұмабеков Ә,ІІ орын; Болатова А-ІІ орын; Амантай А-ІІІ орын;

Облыстық:

"Алтын қазына"көрме байқауы - Ержанқызы Е, Іорын.

"Smart оқушы" Асанғалиев Б І орын, Мырзаханов Б І орын, Амантай Ахмеди І орын

«Менің өлкемнің көктемі» облыстық байқауы – Амантай Аягөз ІІІ орын

«Менің өлкемнің көктемі» облыстық байқауы – Болатова Ақгүл ІІІ орын

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы

№95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған.

Жоспар негізінде соңғы 2019 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2022-2023 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 5 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

2023-2024 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 5 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

2024-2025 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 6 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Педагогтердің IT құзыреттілігін арттыру
2022-2023 о.ж	25	25	0	0
2023-2024 о.ж	25	25	1	0
2024-2025 о.ж	23	23	3	0

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог жоқ.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2022-2023	Жумагулова Г 22.04.2022ж	-	Арыстанова Ж 23.06.2023ж

	"Мектептегі басқарудағы инновациялық менеджмент" 430 сағат Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ		«Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 40сағат Адамның үйлесімді даму ұлттық институты .
--	--	--	---

3. Білім алушылар контингенті

№	Контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
1	Екпетал мектеп - балабақшасы	8	63	8	54	8	55

Екпетал мектеп - балабақшасы жылма - жыл білім алушылардың келуі бойынша өсім жоқ. Екпетал мектеп - балабақшасына қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата - аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ - не қабылданатын оқушылардың ата - аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

2022-2023 оқу жылында 1-9 кластарда 8 класс жиынтығында 63 білім алушы оқыған , 2023-2024 оқу жылында 8 класс комплектіде 54 білім алушылар контингентін құрады. 2024-2025 оқу жылында 8 класс комплектіде 55 білім алушылар контингентін құрады. Сыныптардағы оқушылардың толымдылығына бала санының жетпеуіне байланысты 2022-2023 оқу жылында 7-8-сынып біріктірілген. 2023-2024 оқу жылында 6-7-сынып біріктірілген. 2024-2025 оқу жылында 6-7-сынып біріктірілген.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2022 - 2023 оқу жылында Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – 63 оқушыға білім берілген.

2023 - 2024 оқу жылында Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – 54 оқушыға білім берілген.

2024 - 2025 оқу жылында Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында - 55 оқушыға білім берілді.

2022-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы; Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) (1,6-қосымшасы). Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен), (9-қосымшасының 8-тарауы. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары), 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 № 27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-4 қазақ кластар үшін 1-қосымша, ал ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 №323 бұйрығымен енгізілген өзгертулердің) 5-9 кластар үшін 6-қосымшалары басшылыққа алынып** оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 1-9-сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі: 2022-2023 оқу жылына сабақ кестесі Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **63 білім алушы** оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-қосымша** 1-4 кластар үшін; **6-қосымша** 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесінде 238 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. 2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі: 2023-2024 оқу жылына сабақ кестесі Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы

пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды

«BilimClass» арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.

2023 - 2024 оқу жылында контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **55 білім алушы** оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 84,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, барлығы 239,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сабақ кестесінде 239,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2024 - 2025 оқу жылында контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **55 білім алушы** оқиды. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2024 ж 08.02. №27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім беруге 84,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, барлығы 239,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2024-2025 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесінде 239,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2024-2025 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата – аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, 2022-2023 оқу жылында электронды «kyndelik kz» 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында электронды «BilimClass» пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2024 оқу жылында. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115

бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

5-9 сыныптарда білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы) бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына

1 қосымша, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес бекітілген **6 қосымшамен** жүргізіледі. Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қолданады. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2024 ж 08.02. №27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) басшылыққа алынған.

Талдау нәтижесі: Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік - тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік - тақырыптық, сабақ жоспарын, 2022-2023 оқу жылы «kundelik.kz», 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «BilimClass» журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. 2022-2023 оқу жылы «kundelik.kz», 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «BilimClass» журналын тексергенде журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен – 4 сағат: 1. «Математика және логика». Бұл курс бағдарламасы математика пәнінің ұзақ мерзімді жоспарының бөлімдері мен оқу мақсаттарына сүйене отырып құрылған. Бұл курс бағдарламасы бастауыштың 1-2-3-4-сыныптарына арналған. Әр сыныпта аптасына 1-сыныпта – 35 сағат, 2-сыныпта – 36 сағат, 3-сыныпта-36 сағат, 4-сыныпта – 36 сағатқа жоспарлары құрылған.

5-8-сыныптарда_вариативті компоненттен 0,5 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізіледі. 9-сыныпта вариативті компоненттен 1 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында 1 сағат «Зайырлылық және дінтану» курсына берілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар есебінен: 1,2,3,4 – сыныптарға «Математика және логика» курс аптасына 3 сағат. 2 – сыныпқа «Жұмбақтар сандығы» курс аптасына 1 сағат берілген.

5, 6, 7, 8 сыныптарда вариативті компоненттен 0,5 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсы өткізіледі. 9- сыныпта вариативті компоненттен 1 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсына берілген **2024-2025 оқу жылы бойынша** бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары 1-4 - кластарда вариативтік компоненттен «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан 1,2,3,4 сыныптарға берілген. 2-сыныпқа вариативтік компоненттен «Жұмбақтар сандығы» аптасына 1 сағат берілген.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

5-8 кластар бойынша «Жаһандық құзыреттілік» - білім алушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру мақсатында аптасына - 0,5 сағаттан ал 9 класта - «Жаһандық құзыреттілік» білім алушылардың өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында вариативтік компоненттен аптасына 1 сағат берілген.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-

сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Зерделеу нәтижелері: Бұл бөлімді зерделеу кезінде **«Жолда жүру ережелері» оқу курсы** 2022- 2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8 - сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілген.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «kundelik.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

Оқу жылы 1-сыныпта – 35 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 36 оқу аптасын, 5-9-сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 31 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2023-2024 оқу жылы:

2023 - 2024 оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

2023-2024 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мерекелік күндерге түскен сабақтар дроб арқылы мақсаттары ұқсас келесі сабақтарға біріктірілген.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2024-2025 оқу жылына тәрбие жұмысының талдауы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары “Біртұтас тәрбие” бағдарламасымен жасақталып бекітілді. Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен –білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықтатәрбие жұмысының негізгі бқұндылықтарыаясында жүзеге асырады.

I. ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАР

жұмыс түрлері Құндылықтар	тәрбие сағаттары	дөнгелек үстелдер	кездесу- лер	пікір сайыстар	Жарыс- тар	Сауалнама- лар
“Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік”	5	1	1	1	2	1
“Тәуелсіздік және отаншылдық”	3	1	1	2	2	
“Әділдік және жауапкершілік”	4	2	1	1	2	1
“Бірлік және ынтымақ”	3	1		2	2	1
“Заң және тәртіп”	3	2	1	2	1	1
“Жасампаздық және жаңашылдық”	4	1		2	1	
“Тәуелсіздік және отаншылдық”	3	1	1	1	2	1
“Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік”	4	1		2	2	1
“Бірлік және ынтымақ”	3	1	1	1	2	1


II. Ата – анамен жүргізілген жұмыстар

сыныптар жұмыс түрлері	мектеп бойынша	1-4 сынып	5-9 сынып
Ата – аналармен өткізілген жиналыстар	4	6	6
АПҚО жиналыстары	17	8	9

III. Екпетал мектеп-балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың тәрбиелілік деңгейін диагностикалық зерттеу қорытындысы

сыныбы	Тәрбиелілік белгісі			
	Жоғары деңгей	Жақсы деңгей	Орташа деңгей	Өте төмен деңгей
1	4	4	-	-
2	4	2	-	-
3	6	2	-	-
4	5	4	-	-
5	5	2	-	-
6	4	1		-
7	1	2	-	-
8	1	5	1	-
9	1		1	-

Мектеп бойынша тәрбиелілік деңгейінің диагностикасы



IV. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОСЫМША БІЛІММЕН ҚАМТЫЛУЫ

Үйірмелер 2024-2025 жылы	«Балауса» вокал	Спорттық секциялар			
		Дойбы	Жеңіл атлетика	Футбол	Үстел теннисі
Бала саны	30	12	13	11	8

V. Сынып жетекшілер туралы мәлімет

БІЛІМІ			БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ			
Барлық жетекші	Жоғары білімді	Арнаулы білімді	ПЕДАГОГ - ЗЕРТТЕУШІ	Педагог сарапшы	Педагог – модератор	Педагог
9	9	0	2	3	2	2

VI. Сыныптардың тәрбиелік іс – шараларға қатысымы

Сыныптар	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қорытынды
1	+	+	+	+	100%
2	+	+	+	+	100%
3	+	+	+	+	100%
4	+	+	+	+	100%
5	+	+	+	+	100%
6	+	+	+	+	100%
7	+	+	+	+	100%
8	+	+	+	+	100%
9	+	+	+	+	100%

Сыныптарда тәрбие сағаттары аптаның бірінші күні бірінші сағатта тұрақты түрде өтеді. Биылғы оқу жылында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасына сәйкес сынып жетекшілер, психолог, тәлімгермен бірлесе отырып, ата-аналармен түрлі форматта жиналыстар, тренингтер өткізіледі.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысындағы өзгеріс – “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының 6 құндылыққа негізделіп қайта жасалуы. Барлық класс жетекшілер осы бағдарлама аясында тәрбие сағаттарының жоспарын жасап, бекіттірді. Жоспарланған барлық жұмыс атқарылды.

Екпетап мектеп-балабақшасының 1-9 сынып оқушыларына арналған "1 қыркүйек - Білім күні" мерекесіне орай "Мектебім-мейірім мекені" атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Барлық сыныптарда бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

- “Менің Отаным Қазақстан” тақырыбында 2-4 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді.

Екпетап мектеп-балабақшасының сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы: құндылықтар және оларды жүзеге асыру жолдары
2. Сынып жетекшілердің жеке жұмыс жоспарын, тәрбие жұмысы жоспарларының орындалуы.
3. Сынып жетекшілердің лауазымдық міндеттерін таныстыру.
4. "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" бағдарламасы
5. Ағымдағы түрлі сұрақтар (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, түнгі көше кезекшілігі, құқықбұзушылықтың алдын алу, т.б.)

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Түрлі салаларда табысқа жеткен спикермен кездесу" ұйымдастырылып өткізілді.

Мектеп бойынша ішкі істер бөлімінде, мектепішілік есепте тұрған оқушы жоқ.

Сабақтан тыс уақытта оқушылардың мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында секциялар мен үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірмелерге орта буын, жоғары буын оқушылары түгел тартылды.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды .

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды.Оқу жылының басында жалпы ата-аналармен жиналыс өткізілді.

Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Аз қамтамасыз етілген отб.	Жетім бала-лар, ААҚҚ	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2024-2025 оқу жылы	29отбасы/ 51 бала	4отбасы/ 5 бала	1 отбасы /1бала	4отбасы/ 4 бала	16отбасы/ 32бала	2отбасы/ 5 бала	-	-

Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

«Өнегелі 15 минут» үзіліс кезінде оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында қызықты тапсырмалар берілді.

Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді.

«Мектепке жол» акциясы аясында «Желкенфонд» қоғамдық қоры су тасқынынан зардап шеккен мектебіміздің 29 оқушысына сөмке мен оқу құралдарын сыйға берді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Зекет» қайырымдылық қоры мектебіміздің 57 оқушысына сөмке мен оқу құралдарын сыйға тартты.

«Мектепке жол» акциясы аясында аудандық жастар ресурстық орталығынан 1-сыныптан 1 оқушы, 5-сыныптан 1 оқушыға, Ойыл аудандық Орталық мешіті жанынан 1-сыныптың 2 оқушысына сөмке мен оқу құралдары берілді.

Облыстық мәслихаттың депутаты «Анвар» ЖШС-нің директоры Салфигов Талғат мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы отырған 9 оқушыға толық оқу құралдары бар сөмке сыйлады.

Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға 53 балаға 43407 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Аудандық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-

педагогикалық кеңес берілді.

2024-2025 оқу жылы барысында әлеуметтік мәртебеге ие отбасыдан шыққан оқушылар мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен жалпы білім беру қорынан 33 оқушы қамтылды. Оқушылардың мектеп асханасында ыстық тамаққа баруы күнделікті уақыт кестесіне сай жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда, оқушылар 2 рет сынып бойынша бөліп көрсетілген уақытта ыстық тамаққа барды. 1-4 сынып оқушыларынан 31 оқушы және І және ІІ санат бойынша 2 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектеп асханасына, тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу барысында бракеражды комиссия құрылды. Ай сайын бракеражды комиссия мүшелері асхананың санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін, тамақтандыру сапасын бақылап отырды.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Екпетал мектеп-балабақшасында **«Балауса»** вокал үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірмеге 1-9 сыныптардан 3 топқа 30 оқушы қамтылған. «Балауса» вокал үйірмесінің оқушылары күнделікті сабақтардан бөлек мектепте өткізілетін іс-шараларға белсене араласады. Екпетал мектеп-балабақшасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Ұстаздар күні» мерекесіне орай «Даналық ұстаздан» атты челлендж өткізіліп, Өзін өзі басқару ұйымы мен «Балауса» вокал үйірмесінің ұйымдастыруымен ұстаздарға құттықтау ән жолданды. Сонымен бірге осы мереке қарсаңында «Ұстаз - ұлы тұлға» атты концерт жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. 25 қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Еңсесі биік, Егеменді ел!» тақырыбында бірыңғай мемлекеттік гимн орындалды. Және Республика күніне арналған апталық жұмысы аясында өзін өзі басқару ұйымының және вокал үйірмесінің ұйымдастыруымен бастауыш сыныптар арасында патриоттық әндерден «Republic day» челленджі өткізілді. Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-9 сынып оқушылар арасында «Әуенді тап» ойын-сайысы өткізілді. Күнделікті атқарылатын іс-шаралар жоспарына сай үлкен үзілісте 15 минутты өнегелі өткізу мақсатында 3-9 сынып оқушылары «Күй күмбірі» шарасы бойынша «Адай» логоритмикасы, Махамбет Өтемісұлының «Жұмыр қылыш» күйін тыңдап, күйдің шығу тарихымен танысты. Мектебімізде өткізілген «Мен өз жетістігімді еліме арнаймын» челленджіне үйірме оқушылары да қатысты. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар арасында «Мәдени мұра – Тәуелсіздік тірегі» атты ән байқауы өтті. Екпетал мектеп-балабақшасында қысқы демалыс күндеріне орай өтетін іс-шара жоспарына сай 8 қаңтар күні «Текті аспап» тақырыбында оқушылар үйренген күйлерін орындады. 13 қаңтар күні барлық сынып оқушылары екі ауысымда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары аясында Қазақстан Республикасының әнұранын орындады. Вокал үйірмесінің ұйымдастыруымен 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған құттықтау шарасы өткізілді. Наурыз мекрекесін ұйымдастыру барысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспары аясында «Күй күмбірі» ұлттық домбырашылар челленджі өткізілді.

Психологтың аты-жөні: Сұлтан Гүлдарайым Тілегенқызы

І Жалпы мәлімет

Оқушылар саны: 56

Сыныптар саны: 1-9

Қызметтің бағыттары:

Диагностика

Түзету-дамыту жұмысы

Профилактикалық жұмыс

Консультация беру

II. Диагностикалық жұмыстар. 1-сынып оқушыларына оқуға даярлықтың жалпы деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йерасек әдістемесінің диагностикасы өткізілді. Барлық оқушы саны 8.Қатысқан оқушы саны:8 Қорытындысы: оқушылар оқуға дайын екендігін көрсетті. 5 сынып оқушыларына «Н.Г.Лусканова әдістемесі оқу мотивациясының деңгейін анықтау мақсатында өткізілді. Барлық оқушы саны: 7 Қатысқан оқушы саны:7 Депрессия деңгейін анықтау мақсатында «Зунге» сауалнамасы 6-7 сынып оқушыларына өткізілді. Барлық қатысқан оқушы саны 12 Қатысқаны 12.Қорытындысы қалыпты депрессия күйі анықталған жоқ. Оқушылардың мектепке мектепке бейімделу деңгейін анықтауға «Менің класым» әдістемесі 5 сынып оқушыларынан өткізілді. Барлық оқушы оқушы саны 7. Қатысқаны 7. Қорытындысы бойынша Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты. Жасөспірімдердің мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «О.Кандаш тесті» 7 сынып оқушыларынан алынды Барлық оқушы саны 3.Қатысқаны 3. Қорытындысы бойынша Оқушылардың мазасыздық деңгейі қалыпты. Жоғарғы сынып оқушыларының арасындағы құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары Анонимді сауалнама Қатысқан оқушы саны 9 Қорытындысы бойынша Оқушылар арасынан құқықбұзушылық анықталмады. Кәсіби бағдар тесттері Климов әдістемесі 9 сынып оқушылары оқушылардың мамандыққа деген көзқарасы анықталды. Педагогтерден «Сіздің қарым-қатынас стиліңіз агрессивті ме, әлде бейбітшіл ме?» Сауалнама алынды қорытындысы бойынша агрессивті мінез құлық анықталмады. Ата-аналармен жұмыс «Бала тәрбиесіндегі қиындықтарды шешу». Сауалнама аалынып Қорытындысы бойынша ата-аналардан бала тәрбиесіндегі қиындықтар анықталмады. Ситуациялық мазасыздық , жеке мазасыздық шкаласын анықтау мақсатында Спилберг-Ханин 8-9 сынып оқушыларынан алынды ү Қатысқаны 9 Барлығы 9 .Қорытындысы бойынша мазасыздық деңгейі қалыпты екені анықталды.. Темпераментті анықтау сауалнамасы 4-9 сынып оқушыларынан алынып Оқушылардың темперамент типтері анықталды. Баланың бойындағы агрессия деңгейін анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі алынып Оқушылар бойында агрессия деңгейі қалыпты екені анықталды. Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында Дасс сауалнамасы 8-9-сынып оқушыларынан алынып ,қорытындысы бойынша оқушылар бойынан стресс депрессия деңгейі қалыпты екені анықталды. Танымдық қабілетін анықтау: Қабылдау, зейін, есте сақтау, сөздік қорын анықтау мақсатында 4 сынып оқушыларынан Сауалнама алынды.қорытындысы бойынша оқушылардың танымдық қабілеті қалыпты Ата-аналардан. «Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма?» сауалнама алынып қорытындысы шығарылды. МАД тобының 1 сыныпқа дайындығын анықтау . (Таным процессін анықтау Қорытындысы бойынша Оқушылардың танымдық деңгейі қалыпты.

III. ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімдеу Қатысқан оқушы саны 9. «Агрессияға жоқ деп айт» Қатысқаны 8-9 сынып оқушылары Қатысқан оқушылар саны :10. «Жетістікке жету өз қолыңда» Түзету-дамыту жұмыстары қатысқан 9 сынып 3оқушы МАД тобындағы оқушылармен дамыту жұмыстарын жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының таным қабілеттерін дамыту жұмыстары жүргізілді. Қарым-қатынасты жақсартуға арналған жаттығулар1-4 сынып оқушыларымен жүргізілді. Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімдеу түзету-дамыту жаттығулары 5 сынып оқушыларымен жүргізілді. «Агрессияны шығару жолдары» «Адами қарым-қатынастар» Ата-аналармен жұмыс Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, ата-аналар жиналыстары «Оқушыларды ББЖ-ға дайындауда мұғалімдерге психологиялық көмек беру» Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыру Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларға арналған тұлғалық өсудің тренингтік сабақтары Кәсіби күйіп кетудің алдын алу бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер

«Мен өмірді таңдаймын» «Мамандық таңдау өміріннің бір кірпішін таңдау»

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен коррекциялық жұмыстар ППҚ қызметінің жұмысы

Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары «Қабілет және дарындылық» жұмыстары жүргізілді.

IV. КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ.

Кеңес алушылар саны 56. Негізгі мәселелер. Оқушылар бойындағы агрессия үрейді жеңуге кеңес берілді, ата-аналарға бала мен қарым қатынас орнатуға кеңес берілді. Педагогтерге Оқушылармен қарым-қатынас орнату бойынша кеңес берілді. Оқушыларға буллингтің алдын алу бойынша кеңес берілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кеңес берілді. Суицидтің алдын алу бойынша кеңес берілді, Мектепке бейімделу бойынша кеңес берілді. «Қорқынышты қалай жеңемін?». ББЖМ қатысатын оқушыларға психологиялық кеңес

Тәртібі қиынға бейім, девиантты іс-әрекеткетті мінез-құлқы қиын оқушылармен жұмыс істеу мақсатында кеңес беру

Оқушы қыздар арасында ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы

«Қыз бой жетсе» Оқушы қыздарға ата-аналарға

Жас мамандармен жұмыс

«Бос уақытыңды дұрыс жоспарла»

Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету

«Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы»

МППК-ке жолдама алған оқушылардың ата –аналарымен жұмыс

«Психологиялық денсаулық дегеніміз не?»

V. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ.

«Баланы мектепке оқуға бейімдеу» Ұсыным

«Буллинг және кибербуллинг» Баяндама

«5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» Ұсынымдар

ДТЮ, медбике, бала құқығын орғау инспекторымен бірлескен жұмыстар

«Жеткіншек жастағы кризистер» Дәріс сабақ Баяндама

«Баланың психологиялық денсаулығы»

Кеңес беру, ұсыным

«Буллингтен қалай қорғануға болады?» Кеңес беру, ұсыным берілді.

VI. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ.

Жас мамандармен жұмыс жүргізілді, Дарынды, үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету бойынша тренинг өткізілді. «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» туралы ата-аналарға тренинг өткізілді.

Ата-аналар жиналысында «Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу» бойынша баяндама. Директор жанындағы кеңесте Оқушылардың психологиялық жай күйі баяндама оқылды.

VII. ҚОРЫТЫНДЫ.

Жыл бойы жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды.

Анықталған негізгі проблемалар: Эмоционалды тұрақсыздық кәсіби бағдардың жеткіліксіздігі
Келесі оқу жылына ұсыныстар.

1-4 сыныптармен профилактикалық жұмысты көбейту.

Ата-аналармен жұмыс көлемін арттыру.

Түзету-дамыту бағдарламаларын кеңейту.

2024-2025 оқу жылында электронды журналға әр бағыттағы жүргізілген жұмыстардың хаттамалары жазылып, суреттері қоса салынып отырды.

Жүргізілген жұмыстар статистикалық есебі.

Диагностика жұмысының саны	Түзету-дамыту жұмысының саны 42	Профилактика жұмысының саны	Консультация жұмысының саны
30	42	48	Топтық 12 Жеке -12

2024-2025 оқу жылында мектебімізде 6 жоба жұмыс жасады:

«Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобалары аясында қазақ ақын – жазушыларының туындыларымен, балалар анықтамалығы, сонымен қатар жас буын оқырмандарына арналған брошюралармен кітапхана қоры толықты. Мектеп бойынша оқушылар түгелдей оқулықпен қамтылды.

2024 -2025 оқу жылы бойынша кітапхана жылдық жұмысын және «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобалары бойынша жұмысын жоспарлап , бекітіп, сол жоспар бойынша жұмыс жасады. 2024 -2025 оқу жылында мереке күндеріне, әр түрлі мерейтойларға, Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясына, сондай-ақ интернет байқауларға және аудандық орталықтандырылған кітапхана және «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт», «Балалар кітапханасы» жобалары бойынша әр түрлі іс шаралар жүргізілді.

30 тамыз Конституция күніне орай « Ата Заң – тәуелсіз ел тұғыры» атты бастауыш сыныптар арасында танымдық сағаты өтті. Жас буын оқырмандарына арнап «Балаларға базарлық» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапхана қорына түскен жаңа кітаптар көрмеленіп, оқушыларға таныстырылды. Тілдер күніне орай «Ана тілім – ата – баба мұрасы» атты бастауыш сыныптар арасында мәнерлеп оқу сағаты ұйымдастырылды. Отбасы күніне орай «Кітаппен демалыс» атты отбасылық квест ойыны ұйымдастырылды. Кітапханада қорға түскен жаңа кітаптармен таныстыру мақсатында 5-9 сыныптарда «Жаңа танымдық әлем» атты әр буын оқырмандары бойынша жаңа кітаптармен танысу бұрышы ұйымдастырылды.

Үзіліс арасында «Біртұтас тәрбие» жоспары негізінде барлық сынып оқушыларына «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды. Оқушылар шара барысында кітап мұқабаларын, ертегі кейіпкерлерінен пазл құрастырып, сөзжұмбақтар шешті. Білім ордасы – кітапханамен таныстыру мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Кітапхана әлеміне саяхат» атты кітапханаға саяхат сабағы ұйымдастырылды. 7-9 сынып оқушылары арасында аудандық орталықтандырылған кітапханамен бірлесе отырып, «Асыл сөздің абызы» атты халық қаһарманы, жазушы Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасына библиографиялық шолу жасалып, оқушыларға шығарма желісі таныстырылды. 25 қазан Республика күніне орай 5-6 сыныптарда « Отаным – бақыт ордасы!» атты танымдық сағаты өтті. Аудандық орталықтандырылған кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында І.Жансүгіров, С.Сейфуллин және Б.Майлиннің мерейтойларына орай «Жаңа әлем- жаңа кітап» атты 7-9 сыныптар арасында оқушылар конференциясы ұйымдастырылды. 5-6 сыныптарда «Демалыста кітап оқимыз» атты оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында күзгі демалыста кітап оқу сағаты ұйымдастырылды. Жошы ханның 800 жылдығына орай 7-9 сыныптарды «Жошы хан – қазақ хандарының түп атасы» атты танымдық сағаты өтті. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарына сай үзілісте оқушыларға «Ойнайық та ойлайық» атты ойын сағаты ұйымдастырылды. Ұлттық валюта күніне орай «15 қараша – Ұлттық валюта күні» атты танымдық сағаты өтті. 2-4 сынып оқушылары «Білім кілті - кітапхана» атты аудандық балалар кітапханасына саяхат жасады. Мектеп кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, оқушылар өздері оқыған кітаптарын кітапханаға сыйға тартып, өз үлестерін қосты. «15 минут кітап оқимыз» атты үзілісте оқу сағаты ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар сөзжұмбақ, жұмбақ шешіп, жаңылтпаш айтты. Бастауыш сыныптар арасында «Әжемнің ертегісі» атты челлендж ұйымдастырылды. Челленджге әр сынып оқушылары әжелерімен қатысып, ертегі әлеміне саяхат жасады. Балалар әдебиетінің бәйтерегі, жазушы Б.Соқпақбаевтың мерейтойына орай 5-6 сыныптарда «Бұл қай кітап....» атты

әдеби квест өтті. 5- 6 сыныптарда «Зорлық – зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы жоспарына сай, «Оқитын өлке» акциясына оқуға ұсынылған С. Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романын насихаттау мақсатында «Атадан –ұлағат, анадан- ғибрат» атты танымдық сағаты өтті.Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты 7-9 сыныптарда поэтикалық эстафета ұйымдастырылды. «Мен оқыған кітапты сен де оқы» атты 5-9 сыныптар арасында әдеби эстафета ұйымдастырылды. 5 сынып оқушысы Н.Есенов өзінің оқыған кітаптарының ішінен қырғыз шығармасы «Тастамшы ана» кітабына буктрейлер жасады . Қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында, «Поэзия падишасы» атты танымдық сағаты өтті. Сонымен қатар 5-6 сыныптар арасында «Жаңа жылға – жаңа кітаппен...» атты оқу сағаты ұйымдастырылды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өнегелі 15 минут» айдарымен М. Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия минуты» атты мәнерлеп оқу сағаты өтті. А. Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай даналығы – халық мұрасы» атты мектепаралық челленджге 2-5 сынып оқушылары қатысып, ақын шығармаларын насихаттады. Сонымен қатар « Ұлт тарихындағы ұлы тұлға» атты 6 сыныпта оқу сағаты ұйымдастырылды. Алғыс айту мерекесіне орай мектеп оқушылары мерекелік құттықтау жолдады. 7-9 сынып оқушыларына «Ана туралы аңыздар» атты виртуалды көрме таныстырылды. «Жырымды мен өз еліме арнаймын» атты жерлес ақын – жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында 7-9 сыныптарда оқу сағаты ұйымдастырылды. «Жаңғырған дәстүр - салтымыз» атты бастауыш сыныптар арасында мерекелік шара өтті. Шара барысында ұлттық ойындарды насихаттап, көркемсөз және қазақ күйлері орындалды. «Әдебиет әлемінде көктем самалы» айдарымен бастауыш сыныптарда «Қызықты кітаппен демалыс» және 5-6 сыныптарда «Қазақ әдебиетіне саяхат» атты көктемгі демалыста оқуға ұсынылған әдебиеттерді оқу бойынша, оқу сағаты ұйымдастырылды. Қ. Шаңғытбаевтың мерейтойына орай «Ақтөбе шайыры – Қ. Шаңғытбаев» атты 7-9 сыныптарда әдеби вернисаж ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына және кеңес одағының батыры Б.Момышұлының 115 жылдығына орай , ерліктерін, шығармаларын насихаттау мақсатында «Халық қаһарманы - Б. Момышұлы » атты 6-8 сыныптарда танымдық сағаты өтті. 23 сәуір «Ұлттық кітап» күніне орай «Абайды оқы, ерінбе..» атты бірыңғай оқу сағаты ұйымдастырылды. «Қазақстан бірлігі – халықтар достығында» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Т. Молдағалиевтің 90 жылдығына орай «Ұлттық құндылықтар – қлт тірегі» атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Мектепаралық « Ерліктің жарқын беттері» атты челленджге бастауыш сынып оқушылары жеңіс туралы өлеңдер оқып, өз үлестерін қосты.

А. Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған республикалық көркемсөз оқу байқауларына бастауыш сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Кітапхананың жұмысының жылдық жоспары бойынша жоспарланған жұмыстар өз уақытында өтті.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша жылдық атқарылған жұмыстардың есебі

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасының негізгі мақсаты – оқушылардың бойында еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, ізгілік пен қайырымдылық, кәсіптік бағдар, ұлттық рух пен мәдени құндылықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру. Жоба аясында ұйымдастырылған әрбір іс-шара жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, еңбекке баулуға, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға, қоғаммен байланысын арттыруға бағытталды.

Мамандыққа бағытталған TEDx кездесу

оқушылардың болашақ мамандық таңдаудағы қызығушылығын арттырып, практикалық тәжірибе алуға жол ашты.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы өз нәтижесін беріп, оқушылардың бойында еңбекке, отбасына, қоғамға және Отанға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Бұл жоба келер оқу жылында да жалғасын тауып, кеңейе түседі деген сенімдеміз.

Екпетал мектеп – балабақшасында «Қамқор» «Волонтерлік» жобалары аясында жасалған жұмыстар туралы жылдық есебі

Екпетал мектеп – балабақшасы қабырғасында ұйымдастырылған «Қамқор» және «Волонтерлік» жобалары жыл бойы жүйелі түрде жүзеге асып, оқушылардың адамгершілік, патриоттық және әлеуметтік белсенділік дағдыларын дамытуға бағытталды.

«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты»
<https://www.instagram.com/p/DAGhxB2gXZn/?igsh=MXy2MGU5MDFnZWp0ZA==>

25 қазан республика күніне орай «Жанашыр жүрек» акциясы

<https://www.instagram.com/p/DBgT492gWxC/?igsh=MWh6eXAZy3kwNnFsdA==>

«Көңілді старт» ойыны «Қамқор жобасының» жастарының ұйымдастыруымен «Қамқор» жобасының ерікті жастары бастама жасап, бастауыш сынып оқушыларына арналған спорттық сайыс ұйымдастырды. Бұл шара балалардың ынтымақтастығын, сергектігін арттыруға үлес қосты.

<https://www.instagram.com/p/DFmb5qOodh3/?igsh=MXM1d2lubXQxdnNrZw==>

Қайырымдылық жасасаң – қайырымын көресің

<https://www.instagram.com/p/DHViIJWg32t/?igsh=d3R1Z3ZnZGdrN3Aw>

15 наурыз қайырымдылық күніне орай, «Қамқор» жобасы аясында төтенше жағдай қызметкерлері мен жұмысшыларға ыстық тамақтар таратылды.

<https://www.instagram.com/reel/DHVDJ71IOGY/?igsh=Nms5d2JrdDIzYWdw>

«Шын жүректен» челлендж Қайырымдылық пен мейірімділікке үндейтін әлеуметтік челлендж ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің игі істерін видео арқылы бөлісті. <https://www.instagram.com/reel/DGnRLf9guwk/?igsh=MWpsa3QxdnI5MTVvMg>

«Адалдық дүкенінің» ашылуы Мектепте оқушылардың өз-өзіне деген жауапкершілігін арттыру мақсатында сенімге негізделген «Адалдық дүкені» ашылды.

<https://www.instagram.com/p/DFgZWYVATg5/?igsh=MTZwdGpienJuMGh6>

«Қамқор» жобасының оқушылары мен ерікті жастары деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу мақсатында қарттарымызға қайырымдылық шараларын ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/DF7BFuNomJL/?igsh=MnE2anYzdGRwZXhk>

«Қамқор» жобасы аясында 9 – мамыр жеңіс күніне орай, ардагерлермен сұхбаттар ұйымдастырылды. «Қамқор» жобасының ерікті жастары қарттармен кездесіп, рухани-патриоттық бағыттағы әңгімелермен бөлісті

<https://www.instagram.com/p/DJitGMOyPyf/?igsh=MWIzNDFlc3BuNmR3Ng==>

1 мамыр Қарулы күштер күніне орай Ойыл аудандық кітапхана базасында Кітапхана басшысы Дәуленова Гүлжазираның қолдауымен Қорғаныс істер жөніндегі бастығы, майор Аскаров Ернур Еркатовичпен кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DJUT0G6SiHZ/?igsh=YnA2MGliefqbxEXew>

«Тал бейбітшілік нышаны» атты экоакциясы ұйымдастырылып, оқу ғимаратының айналасына 10 түп қарағай ағашы отырғызылды.

<https://www.instagram.com/p/DJDzfZsSwzD/?igsh=enA0Mm9pZDI0aGoz>

«Қамқор» жобасы аясында аттестация тапсыратын мектеп оқушыларына қолдау мақсатында моральдық – психологиялық қолдау көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/DF7BFuNomJL/?igsh=MnE2anYzdGRwZXhk>

Қорытынды:

«Қамқор» және «Волонтерлік» жобалары аясында атқарылған шаралар оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, мейірімділік пен патриотизмге баулуға үлкен үлес қосты. Алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасын табады деп сенеміз.

«Smart Bala» жобасы бойынша жылдық есеп

Осы оқу жылында мектебімізде «Smart Bala» жобасы табысты жүзеге асырылды. Жобаға 5–7 сынып оқушылары белсенді қатысты. Жобаның негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, технология мен инновацияға қызығушылығын арттыру болды.

Жобаның бағыттары:

– «Start Up» <https://www.instagram.com/reel/DFelvFco5Gy/?igsh=cXI4cTd6YXJobmhi>

– «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»

<https://www.instagram.com/reel/DFelvFco5Gy/?igsh=cXI4cTd6YXJobmhi>

Қатысушылар:

Жалпы жобаға 15 оқушы қатысты. Әр сыныптан дарынды, идеясы бар, белсенді оқушылар іріктеліп, айына бір рет өткізілетін шығармашылық сабақтарға қатысты.

Өткізілген жұмыстар:

«Start Up» бағыты бойынша:

- Оқушылар өз жобаларын жоспарлап, идеяларын ұсынды
- Экологиялық, әлеуметтік бағыттағы шағын жобалар ұсынылды
- Топтық жұмыс, презентация жасау, жобаны қорғау машықтары дамыды

«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» бағыты бойынша:

- Қарапайым механизмдер, қолөнер мен техника элементтеріне негізделген жұмыстар жасалды
- Робототехника негіздері таныстырылды
- Қолдан жасалған құрылғылар мен макеттер дайындалды
- Оқушылар логикалық ойлау мен шығармашылық тұрғыдан өзін көрсете білді

Нәтиже:

- Оқушылардың технологияға қызығушылығы артты
- Жоба қорғау, топтық жұмыс, көшбасшылық, идеяны дәлелдеу қабілеттері дамыды
- Көптеген оқушы өз мүмкіндіктерін ашып, болашақ мамандыққа қызығушылық білдіре бастады
- Ата-аналар тарапынан оң пікірлер айтылып, қолдау көрсетілді

Қорытынды:

«Smart Bala» жобасы 5–7 сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін ашып, болашақта бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда тиімді құрал болды. Алдағы уақытта жобаның аясын кеңейту, оқушылардың ғылыми-зерттеу бағытына қызығушылығын арттыру жоспарлануда.

«Шабыт» жобасы бойынша жылдық талдау

Екпетал мектеп балабақшасында 2024-2025 оқу жылының басында «Шабыт» жобасы жылдық жоспары аудандық жоспар негізінде құрылып, бекітілді.

Жобаның мақсаты: білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. Жобаның 15 мүшесі бар. Қатысушылар 2-8 сынып оқушылары.

Жоспар бойынша іс-шаралар уақытылы жүргізіліп, әлеуметтік желіге хэштег арқылы белгіленіп салынып отырды.

Атап өтетін болсақ: қазан айында «Даналық ұстаздан» атты челлендж өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DAqICqAADV9/?igsh=YTdizDgweXM0eXo0>

Қараша айында «Бауырсақ» ертегісі

<https://www.instagram.com/p/DCQOkb6oFBk/?igsh=MWVrejM4am5mbDliNg==>

Желтоқсан айында «Ғажайыпқа толы театр әлемі» виртуалды саяхат

<https://www.instagram.com/p/DH-U4yooxcw/?igsh=ZG0yZ3BoamNqcmZu>

Наурыз айында «Ұлттық мәдениет» көрмесі <https://www.instagram.com/p/DH-VKVIijl/?igsh=MXQ2YjE1NnIzZHI3Nw==>

Сәуір айында «Ананың аялы алақаны» челлендж

<https://www.instagram.com/reel/DG4vPnnIo8T/?igsh=aGh0MXlmbWV5Y2J1>

Ойыл аудандық білім бөлімінің жоспарына сай 2025 жылдың 22-сәуірінде "Шабыт" жобасының жоспарына сай Балалар және театр үйірмелері арасындағы фестиваль байқау өтті. Мектебімізден

"Шабыт" жобасының "Өнерлі өнерпаздар" командасы қатысып, Дулат Исабековтың "Ана" қойылымын қойды. Командамыз Алғыс Хатпен және Амантай Аягөз "Үздік орындаушылық шеберлік" номинациясымен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/DI28FvIogJe/?img_index=1&igsh=cDN3bTRyc2gyeTM5

Екпетал мектеп- балабақшасы «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша

2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі

Ақтөбе облыстық білімі басқармасының Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған оқушылардың мәдени білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысының жобасын іске асыру туралы 2020 жылғы 9 қазандағы №2-4401 қатынасы негізінде Екпетал мектеп балабақшасында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы құрылды. Қазіргі уақытта жобада 6-9 сыныптардан 16 оқушы мүше. Жобаның жұмысының жоспары құрылып, жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Жобаның отырысы өткізіліп, дебат түрлері мен ойын ережелері, қағидаларымен таныстырылды. Жоспарға сай ашық, пікірталастар өткізіліп, әлемдегі және Қазақстандағы маңызды тақырыптар талданды.

Оқушылардың дайындықтары, өздерін ұстаулары, сөйлеу мәдениеті мен сөз алу тәртібі бойынша дебатқа деген ынталарын танытты.

Оқушылардың жетістігіне тоқталатын болсам, аудандық турнирден II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылы бойынша жылдық есебі

Екпетал мектеп-балабақшасы Ойыл ауданы Ойыл селосы интернат ғимаратында орналасқан. Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Ата-анамен балабақша әкімшілігі арасында шарт жасалған 2024-2025 оқу жылында жас ерекшелігіне байланысты 17 бала тәрбиеленуде. Балабақшада екі топ жұмыс істейді. Әр топтағы тәрбиленушілер саны МАД -5, ересек тобында-12 бала. Жыл бойы балалардың келуі 100% құрайды. Балабақшада оқу тәрбие жұмысын 4-педагог атқарады. Олар білімі бойынша жоғары білімді-2, арнайы орта білімде-2, олардың санаты педагог-модератор -2, санатсыз-2. 2025 жылы 3-педагог курстан өтті. Құлыншақ, МАД тобында жас ерекшеліктері 5-6 жастан бастап, балалар саны-5. Күншуақ ортаңғы топта 3-5 жастан аралығы 12 бала. Қыркүйек айында білім күніне орай «Білім шыршасы» атты тәрбиленушілермен жиын өткізілді. Ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналар комитетінің құрамы бекітілді. Қазан айында «Күзгі мереке» көрме ұйымдастырылды. Тәуелсіздік күніне орай екі топта ертеңгілік ұйымдастырылды.

Мағжан оқулары республикалық байқауына қатысып Бақытбекқызы Нұрай 1-орын иеленді. Жетекшісі: Утеулиева С.Б. «Алақай қуыршақ» театры балапан қойылымын қойып, бүлдіршіндерге керемет көңіл күйге бөледі.

«Қарттар еліміздің қазынасы» атты қарттар күніне орай мерекелік дастарханға ардагер қарттар шақырылды. Қараша айында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» ата-аналар жиналысы өтті. Желтоқсан айында жаңа жыл мерекесіне арналған «Төрле, төрле жаңа жыл» атты мерекелік өткізілді.

Қаңтар айында «Математика негіздері» атты МАДТ-да ашық сабақ өткізілді. Тәрбиешісі: Утеулиева С.Б. «Үй жануарлары» және «Тура және кері санау» «Асықтар» кіріктірілген сабақ өткізілді. Тәрбиешілері: Мендигожина С., Бисенғалиева Л. Балаларды шығармашылық шеберлікке баулу ересек топта өткізілді. МДҰ өткізілетін гимнастика түрлері баяндама өткізілді. Ақпан айында «Аңдар бізде қонақта» атты ұйымдастырылған оқу қызметі өтті. Білімқұмар балаларға арналған республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына тәрбиеленушілер қатысып I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Оспанова, Утеулиева, Мендигожина, Бисенғалиева

Наурыз айында мектеп жасына дейінгі балаларға «Өрт қауіпсіздігі» туралы ережелерді үйретейік бейнеролик көрсетілді. 1 наурыз Алғыс айту күніне орай тәрбиленушілер ыстық ықыластарын

жеткізді. «Ана-тіршілік тірегі» атты мерекелік ертеңгілік өткізілді.

«Мен өмірімді жырлау үшін келгенмін» атты республикалық балалар байқауына көркемсөз номинациясы бойынша Жоламанова Айназ қатысып, жүлделі ІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі: Оспанова У.Ж. дәл осы тақырыпта Нұрлан Мұслим қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Утеулиева С.Б. Наурыз айының ортасында «Мектепке дейінгі ұйымның Үздік педагогі» байқауы өткізілді, нәтижесінде І орын Бисенғалиева Ләззат Болатбекқызы иемденіп аудандық байқауға жолдама алды.

Наурызнаманың он күндігі аясында «Көрісу күні», «Қайырымдылық күні», «Шаңырақ күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Ұлттық киім күні», «Ұлттық спорт күні» және «Наурыз жыл басы» атты екі топта мерекелік ертеңгілік өткізілді.

«Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ 1-5 жасқа дейінгі Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балаларға арналған тегін консультациялық пункт жұмыс жасайды. Сәуір айында «Жануарларды тістеуімен жәндіктерді шағуы» дөңгелек үстел өткізілді. Жолда жүру ережесі тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балалар кітапханасы жобасы аясында тәрбиеленушілер орталық аудандық кітапханаға барды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес «Мамыр-бірлік және ынтымақ» аясында балабақша тәрбиеленушілер қатысуымен «Табиғатты сақтайық» атты экологиялық акциясы өткізілді.

15 мамыр отбасы күніне орай «Отбасы - татулық мекені» көпбалалы отбасыларды насихаттап видеороликтер көрсетілді.

«Күншуақ» ересек топ бүлдіршіндерінің «Отбасы - бақыт мекені» атты фотосурет көрмесі ұйымдастырылды.

Бала қауіпсіздігінің 10 ережесі тақырыбында тәрбиешілері мен бірге дөңгелек үстел өткізілді.

2024-2025 оқу жылының тәрбиеленушілердің бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг алынды, жақсы нәтиже көрсетті. Жыл соңын қорытындылай келе «Біз мектепке барамыз!» балабақшамен түлектерімен қоштасу өткізілді.

5. Оқу-материалдық активтер

2024 жылдың 29 наурызы күні Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Екпетал селосы толығымен суға кетуіне байланысты аудан әкімінің 29.03.2024 ж №3 шешіміне сәйкес жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған болатын. Осы жағдайдың салдарынан Екпетал мектеп – балабақшасы күрделі жағдайға тап болды. Табиғи апаттың салдарынан мектеп ғимараты мен материалдық - техникалық базасы айтарлықтай зақымданды. Ең маңыздысы, барлық ресми құжаттар суға кетіп, толық жарамсыз күйге түсті. Бұл жағдай өткен оқу жылдарының құжаттарын сақтауға және оларды қайта қалпына келтіруге үлкен қиындық тудырып, мектеп ұжымының аттестацияға толыққанды дайындалуына кедергі келтіруде.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 01-00/6097 хаты негізінде Екпетал мектеп – балабақшасының теңгерімінде тұрған мектеп және балабақша ғимараттары, негізгі құралдары және кітапхана қоры есептен шығарылды.

Қазіргі таңда оқу процесі Ойыл кәсіптік колледжінің ғимаратында қалыпты жағдайда жүргізіліп жатыр. Бірақ мектептің жеке ғимараты болмауына байланысты оқу процесінде қолданылатын арнайы пән кабинеттері, компьютерлер, интерактивті тақталар жоқ. Материалдық – техникалық базаның болмауы білім беру үдерісіне айтарлықтай кедергісін келтіруде.

Алдағы оқу жылында Екпетал мектеп – балабақшасы жабылып, мектеп оқушылары ауданымызда жаңадан салынып жатқан мектепке орналастырылады деп жоспарлануда. Жаңа мектептің құрылысы 2025 жылдың қыркүйек айына дейін аяқталады деп күтілуде.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 34,9 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны 5 Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қоры туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша бір кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапханашы Китанова Акерке Кенжановна, білімі: арнаулы орта, дипломы бойынша білімі: кітапхана ісі, 2008 ж. Еңбек өтілі-17 жыл «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», « Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа – ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбы бойынша курстан өткен 03.02.-14.02.2025 (80 сағат) тіркеу №

2022-2023 оқу жылы: Барлық кітап қоры : 3075 шт, көркем әдебиет – 939 шт, Эл.оқулық – 132 шт, оқулық – 2004 шт.

2023-2024 оқу жылы: Барлық кітап қоры: 3299 шт, көркем әдебиет – 1028, Эл.оқулық -160 шт , оқулық – 2111 шт.

2024-2025 оқу жылы: Барлық кітап қоры: 1356, көркем әдебиет – 158 шт, Эл.оқулық - 15 шт, оқулық –1183 шт.

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-
ноутбук-0 Оның
ішінде:0

Оқырманға- 0

Автоматизация -0

Кітапханашы-1

Интернетке қосылған жоқ

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

Марапаттар: 2022 ж. «Алғыс хат», «Аудандық семинарда өз іс – тәжірибесімен бөліскені үшін аудандық білім бөлімі, «Ойыл - 2022»

2023 ж. «Жас ұрпақты білімпаздыққа тәрбиелеудегі еңбегі үшін», «Ақтөбе - 2023»

2024 ж. «Ұрпақ тәрбиесі жолындағы қажырлы еңбегі үшін», «Ақтөбе - 2024»

2025 ж. «Абай әлемі» республикалық байқауына шәкірт дайындауда көрсеткен еібегі үшін, «Алматы -2025»

Оқушы жетістігі: А. Құралқызы, «Үздік ертегіші», III дәрежелі диплом, «Ойыл - 2023»

Б. Асанғалиев «Үздік ертегіші», «Мақтау қағазы», «Ойыл - 2023»

А. Құралқызы «Абай әлемі» республикалық шығармашылық байқауы, II диплом, 2025 ж.

Ш. Дабылов «Абай оқулары» республикалық байқауы, I дәрежелі диплом, 2025 ж

7.Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2022-2023 жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы

18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 №96)

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының» 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында 9 сыныптан 7 оқушының қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 оқушы болған.

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен. Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

№	Сынып	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	29.05	Қазақ тілі	Эссе	7	2	1	4	-	43%	Арыстанов а Ж
2	9	03.06	Алгебра	Бақылау	7	2	-	5	-	28%	Әжікереқызы М
3	9	06.06	Орыс тілі	Письм. работа	7	2	1	4	-	43%	Кузенкулова А
4	9	10.06	Қазақстан тарихы	жазбаша	7	2	1	4	-	43%	Бақтияров Е

2023-2024 оқу жылында білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (өзгерісі 03.08.2022 ж. №348) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестатту жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша.

2023-2024 оқу жылында 9- сыныптан 7 оқушының қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер оқушы жоқ. Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен. Оқушылар таңдау пәні бойынша 7 оқушы «Қазақстан тарихы» пәнін таңдаған. Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2022-2023 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді.

Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-9-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік- тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-9-сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 17 қыркүйегі күні білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4, 9 кластарға сабақ беретін 15 – **педагогі** тізім бойынша 100 % қатысып, 100 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5-балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың 11 **білім алушыларынан** 100 % қатысып, 100 % көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және **олардың ата-аналарынан** 11-і қатысып -99% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

4-9-сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	4	7	0	0
2	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса қайсысы)	4	7	0	0
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	4	7	0	0
4	Біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	4	5	2	0
5	Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	4	6	1	0
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	6	5	0	0
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	2	2	7	0
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	1	4	6	0
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	3	8	0	0
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	6	5	0	0
11	Мен өз құқығымды білемін	4	7	0	0

12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	3	6	1	1
13	Менде мектептің істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	3	7	1	0
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	5	5	1	0
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	7	3	1	0
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді	11	0	0	0
	Барлығы:	40,5%	48%	11%	0,5%

4-9-сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан оқушы саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	11	40,5%	48%	11%	0,5%
		100%			

4-9-сынып білім алушыларының ата – аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	6	5	0	0
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	3	7	1	0
3	Мектеп сапалы білім береді	4	7	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	2	7	1	1
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	4	6	1	0
6	Біздің баламызға оқу сабақтары мен үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейді	3	7	1	0
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	2	9	0	0
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы	2	9	0	0

	ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын				
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	1	9	0	0
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	5	6	0	0
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы, қызықты іс-шаралар өткізіледі	4	6	1	0
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	5	5	1	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	4	7	0	0
14	Менің балам мектепте қауіпсіз	6	5	0	0
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	3	7	0	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	5	4	1	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	2	8	1	0
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	0	0	0
	Барлығы:	33,5%	61%	4%	0,5%

4-9-сынып білім алушыларының ата – аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата – ана саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	11	33,5%	61%	4%	0,5%
		99%			

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	13	2	0	0
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	12	3	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	11	4	0	0
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	12	3	0	0
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	12	3	0	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	3	12	0	0
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	8	7	0	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	9	6	0	0
9	Әріптестерім маған көмектесуге әрқашан дайын	9	6	0	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу – әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады	2	13	0	0
11	Мектепте кәсіби және шығарма -шылық өсуім үшін жағдай жасалған	4	11	0	0
12	Мектепте педагогтерді көтермелеу әдістері белгіленген	6	9	0	0
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	5	10	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	8	7	0	0
15	Мен сынып жетекші ретінде жұмысыма қанағаттанамын ба	5	10	0	0
16	Егер сіз жауаптарды түсіндіргіңіз келсе немесе	0	0	0	0

	мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе, ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Сізде шағымдар болса, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				
	Барлығы:	53%	47%	0	0

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	15	53%	47%	0	0
100%					

МАД тобы білім алушыларының ата – аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	3	1	0	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	0	4	0	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	3	1	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (муз. жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	1	2	1	0
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	1	3	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	2	2	0	0
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту, тәрбие жұмысы	2	2	0	0

	баланы мектепке дайындауға ықпал етеді				
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	2	2	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпарат тандырусапасына қанағаттанасыз	1	3	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу, оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	1	3	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	2	2	0	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	1	3	0	0
13	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз	0	3	1	0
	Барлығы:	29%	48%	3%	0%

МАД білім алушыларының ата – аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ана саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	4	29%	48%	3%	0%
80%					

МАД тобының педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін/ жоқ	Толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	1	2	0	0

2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	1	2	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	0	3	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	0	3	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	0	3	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	0	3	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	0	3	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	0	3	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	0	3	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	0	3	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0	3	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0	3	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	0	3	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	0	3	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	1	2	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	0	3	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының	2	1	0	0

	жұмысына қанағаттанады				
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналады	0	0	2	1
19	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз	0	2	1	0
	Барлығы:	9%	84%	5%	2%

МАД тобының педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	3	9%	84%	5%	2%
100%					

10.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Іс тәжірибе алмасу, озық тәжіибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отрысымен шектелген.
2. Білім алушыларды пәндік олимпиадалар мен шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар, конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру, қатысым аз.
3. Төтенше жағдай салдарынан ғимараттар, ондағы барлық мүліктер мен кабинеттердің жарамсыз болуына байланысты мектептің материалдық – техникалық базасы талапқа сай емес.

11.Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған.
2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;
3. ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.
Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.
4. «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.
5. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «bilimclass» журналына енгізілген. Оқу пәндерінің мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Жалпы кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталады.

Комиссия төрайымы



(қолы)

Жумагулова Гулнур Амангелдиевна
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері:

(қолы)

Абдрахманова Гүлзия Жауынбайқызы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Арыстанова Жанат Ахметжановна
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Хайруллина Тлектес Фазылбековна
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Күзембаева Лира Рахатқызы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Сұлтан Гүлдарайым Тілегенқызы
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(қолы)

Оспанова Улжан Жолдаскалиевна
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

